

**Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 163 "2022-2024 жылдарға арналған Мөңке би ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 7 сәуірдегі № 197 шешімі

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 163 "2022-2024 жылдарға арналған Мөңке би ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Мөңке би ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 39389,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2034,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 35,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 37320,0 мың теңге;

2) шығындар – 39561,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттер – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -172,6 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 172,6 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 172,6 мың теңге.";

мынадай мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. Ауылдық округтің 2022 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен 1458,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттің сомасын бөлу Мөңке би ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық  
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2022  
жылғы 7 сәуірдегі № 197 шешіміне  
қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2021  
жылғы 27 желтоқсандағы № 163  
шешіміне 1 қосымша

## 2022 жылға арналған Мөңке би ауылдық округ бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	39389,0
1			Салықтық түсімдер	2034,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1718,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	66,0
		3	Жер салығы	2,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1650,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге алынатын ішкі салықтар	316,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	316,0
2			Салықтық емес түсімдер	35,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	35,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	35,0
4			Трансферттердің түсімдері	37320,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	37320,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	37320,0
II. Шығындар				39561,6

01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	33246,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	33246,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	33246,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	33246,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6315,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	6315,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6315,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	665,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	400,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5250,0
15				Трансферттер	0,6
	1			Трансферттер	0,6

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,6
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,6
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	-172,6
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	172,6
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	172,6
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	172,6
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	172,6